

Жеңіс күніне Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету қағидасы туралы

Күші жойған

Астана қаласы мәслихатының 2013 жылғы 3 мамырдағы № 134/15-V шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2013 жылғы 8 мамырда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 776 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 164/20-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 26.07.2013 № 164/20-V шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 55-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 20-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 8-бабының 3) тармақшасына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. Қоса беріліп отырған Жеңіс күніне Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету қағидасы бекітілсін.

2. Осы шешім оны алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласының мәслихаты
сессиясының төрағасы *У. Досаев*

Астана қаласы
мәслихатының хатшысы *С. Есілов*

Астана қаласы мәслихатының
2013 жылғы 3 мамырдағы
№ 134/15-V шешімімен
бекітілген

Жеңіс күніне Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету қағидасы

Осы Жеңіс күніне Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету қағидасы (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 55-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 20-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 8-бабының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Жеңіс күніне мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету (бұдан әрі – әлеуметтік көмек) ағымдағы жылдың 9 мамырына Астана қаласында тіркелген және тұрақты тұратын төменде көрсетілген санаттағы азаматтарға көрсетіледі.

2. Астана қаласының бюджеті Әлеуметтік көмекті қаржыландыру көзі болып табылады.

3. Әлеуметтік көмек «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің әкімшісі (бұдан әрі – әкімші) болып табылатын «Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек» бюджеттік бағдарламасына сәйкес және қала бюджетінде осы мақсаттарға көзделген қаражат шегінде ұсынылады.

4. «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Мемлекеттік зейнетақы төлеу жөніндегі орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Астана қалалық филиалының (бұдан әрі – МЗТО) МЗТО деректер қорында тіркелген Қағиданың 5-тармағында көрсетілген санаттарға жататын азаматтар туралы мәліметтері әлеуметтік көмек көрсету үшін негізі болып табылады.

2-тарау. Әлеуметтік көмекті төлеу тәртібі

5. Әлеуметтік көмек ақшалай төлем түрінде азаматтар арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушыларға мына санаттарға:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері – 140 000 (жүз қырық мың) теңге;

2) «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6, 8-баптарымен олардың мәртебесі белгіленген жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға және мүгедектеріне теңестірілген адамдарға – 16 000 (он алты мың) теңге;

3) жергілікті әуе қорғанысының объектілерді өзін-өзі қорғау топтары мен авариялық командаларының жеке құрамы ішінен Ұлы Отан соғысында қаза тапқан тұлғалардың жесірлеріне, екінші рет некеге тұрмаған, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан қызметкерлердің жесірлеріне – 6 000 (алты мың) теңге;

4) қайтыс болған Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен және «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерді қоспағанда) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдеріне (күйеулеріне) – 6 000 (алты мың) теңге;

5) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға және Ұлы Отан соғысы жылдары кемінде алты ай тылда жұмыс істеген және бұрынғы КСР Одағының ерен еңбегі үшін ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар – 6 000 (алты мың) теңге беріледі.

6. Әлеуметтік көмектің сомаларын төлеу ақшалай қаражатты Астана қаласының екінші деңгейдегі банктер бөлімшелері арқылы алушылардың дербес шоттары немесе карталық шоттарына аудару арқылы жүргізіледі.